

6D010200 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **Жапанова Риза Набиевнаның** «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясы бойынша

АННОТАЦИЯ

Зерттеудің көкейтестілігі. Адам мен қоғамның денсаулығы бүгінде өркениетті елдер үшін маңызды әлеуметтік мәнге ие. Қазіргі заманда адам өзін толыққанды білімді тұлға ретінде қарастыруы үшін, ең алдымен, салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулық мәдениетін меңгеруі қажет. Бұл – тек жеке адамның байлығы ғана емес, сондай-ақ еліміздің дамыған мемлекеттің қатарына енуіне ықпал ететін негізгі алғышарттардың бірі. Яғни азаматтардың денсаулығы – мемлекеттің өркендеу деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі Президент Жолдауында маңызды орын алады және мемлекеттік саясаттың бір бөлігі саналады, өйткені мемлекет жұртшылығының денсаулығына әсер ететін маңызды фактор – бір жағынан, мемлекеттің ауруды болдырмау жолдарын қамтамасыз ету болса, екінші жағынан, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Баршамызға белгілі, салауатты өмір салтын қалыптастыру әрқайсысымыздың дене жаттығуларымен айналысуымызға, гигиена мен тазалық шараларын сақтай отырып, зиянды заттарды қолданудан бас тартуға бағытталады.

Адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – медицинаның ғана міндеті емес, қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында барлық қоғамды жалпы алғанда, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім және табиғат пен адамның терең мәнін, оның психикалық және рухани жағдайын түсіну арқылы ғана шешімін табатын оқыту мен тәрбие жүйесінің де міндеті. Қазақстан Республикасында адамдардың денсаулығын сақтау мен қамқорлық жасау мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі болып саналады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының өкіметі «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары», Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беру мекемелерінде тәрбие берудің кешенді бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысымен қабылданған «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық баяндамасы, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына жолдауы (1 қыркүйек 2022 ж.), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім